

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУЫ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ САУРАН
АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУЫ БӨЛІМІНІҢ
«ИҚАН» ЖАЛПЫ ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 000440004765
№ 18-05/301
«17» 06 2022 ж.

Сауран ауданы адами
әлеуетті дамуы бөлімінің
басшысы А. Батырбековаға

«Иқан» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
2021-2022 оқу жылындағы педагог- психологтардың
жылдық ЕСЕБІ



Мектеп директоры

 М. Мамадалиева

Дайындаған

У.Алимова

«Иқан» жалпы орта мектебі педагог-психологтарының 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстары



2021-2022 оқу жылының басында жылдық жоспар жасап бекітілді. 2021 жылы қыркүйек айынан бастап 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуін анықтау мақсатында консилиум жұмыстары жүргізілді. 1-сынып оқушыларынан «Кернь-Йерасек» тесті, «Оқу қабілетін зерттеу» әдістемелері алынып нәтижесі бойынша хаттама толтырылды. Оқушылардың диагностикалық картасы және сыныптың педагогикалық-психологиялық сынып паспорты толтырылды. 1-сынып оқушыларының темпераменттері анықталды. Холерик және меланхолик типтегі оқушыларды үнемі бақылап жүру сынып жетекшілеріне айтылды. Сынып жетекшілері арқылы ата-аналар чатына «Буллинг және кибербуллинг» туралы видеороликтер жиберілді. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында «Бесінші сынып дегеніміз не?» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Орта буынға бейімделу бойынша сауалнама алынды.



Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балаларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Үйде оқитын 10 бала болды.

Мұғалімдер ұжымымен «Өрмекші торы», «Мен мықтымын», тренингтері өткізілді. Сынып жетекшілерінің диагностикалық картасы толтырылды. Мұғалімдердің темпераменті анықталды. Холерик және меланхолик типіндегі мұғалімдерден «Мондала және табиғат» суреттері бояылды. «Өрмекші торы» тренингі өткізілді. «Сіздің жүйке жүйеңіз қандай?» сауалнамасы толтырылды.



Жас мамандардың бейімделуіне байланысты психологиялық кенестер беріліп отырылды. Жас мамандармен «Өмір сүру қиын емес, өмір сүре білмеу қиын», «Әр адам өз өмірінің суретшісі», «Ия, жоқ, білмеймін», «Өмір қымбатсың маған» тақырыптарында тренинг сабақ өткізілді. Жас мамандарға «Мұғалімнің шыдамдылығы, әдептілігі парақшалары» таратылды.



Қыркүйек-қазан айларында 5-11 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау жүргізілді.

5-11 сыныптар бойынша жалпы оқушылар саны- 1013

Тәуекел топқа алынған жалпы оқушылар саны-667

Қауіптің жасыл деңгейі 1-маманда тіркеуде: 652 оқушы

Қауіптің сары деңгейі 2-3-маманда тіркеуде: 15 оқушы

Қауіптің қызыл деңгейі 4- маманда тіркеуде: жоқ.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында 5-11 сыныптармен жұмыс жүргізілді.

9-10-11 сынып оқушыларының мамандық түрлеріне қабілетін анықтау мақсатында жұлдызнамалық болжам бойынша әр оқушының қай мамандыққа икемділігі бар екендігі айтып түсіндірілді. «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді.



Құқықбұзушылықтың, әлімжеттіліктің алдын алу бойынша «Жасөспірім және заң» тақырыбында 10- сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.



5-11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе» тақырыбында сауалнама алынды. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 8-11 сынып қыздарына «Арыңды сақта бойжеткен», «Киім кию мәдениеті» тақырыптарында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Видео роликтер арқылы түсіндірілді. 8-11 сынып қыздарымен «От басып қалмашы, қаракөз қыздар!» тақырыбында дәріс өткізілді.



Жасөспірімдердің адами тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Арыңды сақта бойжеткен» тақырыбында БМСК-нің врач генекологі Мусаева Айсултан қатысуымен 9-11 сынып қыздарына жиналыс өткізілді.



3-4 сынып оқушыларының таным процесстерін зерттеу мақсатында «Көріп есте сақтау», «Естіп есте сақтау», «Қиялының дамуын» зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мониторингі шығарылды.



Бастауыш сынып оқушыларымен «Ағаш жаттығуы», «Топтастыру», «Артық затты тап» бейімделу ойын-жаттығулары өткізілді. 2-4 сынып оқушыларынан «Менің арманым» тақырыбында эссе алынып талдау жасалды.



2-5-сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасын анықтау мақсатында социометриялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде қарым-қатынас аясы шектелген оқушы жоқтығы анықталды. 9-сынып оқушыларының кәсіпке қызығушылығын анықтау мақсатында «Менің қалауым» диагностикалық тесті алынып нәтижесі ереже бойынша түсіндірілді.

Діни экстремизм және терроризмге қарсы үгіт-насихаттар жүргізілді. «Теріс ағымдардың арбауы» Ғега оның жетегінен кетеміз тақырыбында 9-10 сынып оқушыларымен пікірталас өткізілді. «Деструктивті діни ұйым жақтаушыларының психологиялық өзгерістері» тақырыбында Түркістан облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушы, теолог маманы Б. Абдирахман, Сауран ауданы Ішкі саясат бөлімінің бас маманы М.Қайратұлы және Сауран ауданы жастар

ресурстық орта орталығының теолог маманы С. Жанболаттардың қатысуымен теріс діни ағымдардың құрығына түсудің алдын алу бойынша жиналыс өткізілді.



Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Зорлық -зомбылықтың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді. «Зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларынан анонимді сауалнама алынды. Нәтижесінде зорлық-зомбылықта бала жоқтығы анықталды. «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарға және мұғалімдерге «Буллинг» туралы түсіндіріліп, видео көрсетілді.



Бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушыларына психологиялық қолдау көрсетілді. «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол» кітапшасы ата-аналар чатына жіберілді. «Бақытты ана-бақытты бала -бақытты отбасы-бақытты ел», «Баланың сабаққа деген мотивациясын қалай көтеруге болады», «Отбасы бақыт мекені», «Алғыс айту парызымыз», «Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейірімнен нұрланған», «Она-буюк сайера», «Отбасы-өмір шуағы» тақырыптарында ата-аналармен тренинг сабақтар өткізілді. «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы мектептің барлық ата-аналарынан алынып хаттамасы толтырылды. Ата-аналармен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Үлгерімі нашар оқушылардың психологиялық-педагогикалық анықтау жұмыстары жүргізілді және әлеуметтік картасы дайындалды.



Дарындылық критерийлері сарапталды. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіліп, дарынын нығайтуға, жағдай жасауға, рухтарын көтеріп өз үстінде жұмыс істеуге, қабілетін арттыруға психологиялық көмек көрсетілді. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай сурет байқауы ұйымдастырылды. Орын алған оқушылар сыйлықтармен марапатталды. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстар жүргізілді. «Қуана, шаттана білейік!» тренинг сабақ өткізілді. Диагностикалық карталары толтырылды. Үлгерімі нашар оқушыларға ұсыныстар шығарылып, мұғалімдер сол оқушылардың деңгейіне қарай жұмыс жасады.



ҰБТ тапсыратын оқушылардың темпераменттері анықталып, кестеге салынды. «Сағат тілімен достар», «Емтиханда күйзеліске жол жоқ!», «Стрестен қалай арылуға болады», «Өмір неткен тамаша!» тренинг сабақтары өткізілді. «Стресс», «Менің көңіл-күйім» тесттері алынды. ҰБТ-ға кеңес парақшалары таратылды. Тестке баратын әр-бір оқушыға мотивация беріліп отырылды.



Функционалдық сауаттылық бойынша халықаралық зерттеуге түскен 25 оқушылармен әр-күні түсіндірме жұмыстары тренингтер өткізілді. Сауалнама алынды.



Үйде оқытылатын оқушыларға мінездеме берілді, келесі оқу жылына ПМПК көрігінен өткізілді. Темпераменттері анықталды. Оқушылардың өсу динамикасын бақылау кітапшасы айына екі рет толтырылып отырылды. «Мейрімділік-асыл қасиет» тақырыбында ойын-жаттығулар өткізілді. Есте сақтау қабілетінің деңгейін анықтау жаттығылары, «Отбасы» әдістемесі алынды. Үйде оқитын оқушылардың зейінін зерттелді.





Қараша-наурыз айларында «БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында 5-11 сынып оқушыларымен ІІ –кезең далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 5-7 сынып «Менің отбасым!», 8-9 сынып «Менің ең жақын досым!», 10-11 сынып «Менің арманым!» тақырыптарында эссе жазды, нәтижесінде шыққан оқушылармен түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.

5-11 сыныптардан сауалнама алынды. Дж. Буктың «Үй, адам, ағаш» әдісі алынды. «БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында (5-11сынып) анықталған оқушылармен түзету дамыту, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында пән таңдауы жаратылыстану, гуманитар бағыттарын анықтау, бейіндік кәсібіне бағыттау жұмыстары жүргізілді. Я.Холланың «Кәсіп таңдау», «Мамандық» атты диагностикалық сауалнама алынды.



Желтоқсан айында «Өз құқығыңызды білесіз бе?» тақырыбында сауалнама алынды. Әскери комиссариатқа баратын оқушыларды зерттеу, зерделеу жұмыстары ұйымдастырылды, мінездеме берілді. «Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейірімнен нұрланған» тақырыбында ата-аналармен тренинг сабағы өткізілді. Тәуекел тобына алынған оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Проблемасы бар отбасына психологиялық көмек көрсетілді.



Тұрмыстық зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді.



Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас мәдениеттілігі туралы түсінік берілді. Оқушылардың денсаулығымен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Мен кімін», «Достық жылы күлкіден басталады», «Сенімділік күш береді», «Табиғатта кездеспейтін жануар», «Өмірге ия деп айт!»,



«Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек», «Мейірімділік еліне саяхат» тақырыбында тренинг сабақтар өткізілді.





6-7 сынып оқушыларының психодиагностикалық минимум бағдарламасы бойынша зерттеуден өткізілді. «Сенімділік күш береді» жаттығуы өткізілді. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық бойынша: «Үлкен материал қорын қалай есте сақтауға болады», «Үрей мен қобалжуды жеңу» жаттығулары, стресске қарсы профилактикалық жұмыстар 11 сынып оқушыларымен ҰБТ –ке эмоциялық күйлерін қалыпқа келтірудің жолдары туралы жаттығу, кеңестер өткізілді.



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмір, қымбатсың маған!», «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тренинг сабағы өткізілді. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс жүргізілді. 5-7 сынып оқушыларымен «Барлығы сүйіспеншіліктен басталады» тренинг-жаттығулары өткізілді. Зиянды әдеттердің зардаптары туралы түсінік берілді.



«Қасиетті өсиеттер» тақырыбында ардагер ұстаздар мен кездесулер өткізілді. Жеткіншектік кезеңде туындайтын қиындықтарды шешу жолдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында алғыс айту күніне «Алғыс айту парызым» атты челлендж ұйымдастырылып, бұрыштарға суреттер салынды, ата-аналармен тренинг сабақ өткізілді.





Мұғалімдер ұжымымен «Сурет салу» әдісі жүргізілді.



8-9 сынып оқушыларының психодиагностикалық минимум бағдарламасы бойынша зерттеуден өткізілді. Зерделеу барысында анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

15 сәуір-отбасы күніне орай «Біз біргеміз» толағай отбасылық сайысы, «Отбасы-өмір шуағы» атты ата-аналармен тренинг сабақ өткізілді.



6-8 сынып оқушыларымен «Ғажайып Майя және оның достары» комиксі жүргізілді.



«БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында жұмыс (5-11 сынып) анықталған оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 10-сынып оқушыларына бейіндік оқыту туралы кеңес берілді. Болашақ отбасы өміріне дайындау және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңес берілді. «Мамандық таңдау-өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» 9-11 сынып оқушыларымен психологпен кездесу, «Күлкі көңіл айнасы» жаттығуы өткізілді.



Мұғалімдермен, ата-аналармен «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мамыр айында «Адам өзін –өзі не үшін білу керек» жекелік психологиялық қасиеттерді зерттеу жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушыларының мамандыққа икемділігін зерттеу, оқушылардың қалауы бойынша жеке тұлғалық ерекшеліктерін, интеллектуалдық қабілет көрсеткіштерін анықтап беру жұмыстары жүргізілді.

1-маусым балалар күніне орай мүмкіндігі шектеулі балаларға кеш ұйымдастырылып, сыйлықтармен марапатталды. Сауран ауданы адами әлеуетті

дамыту бөлімінің әкімі Ғани Құрмашұлы мүмкіндігі шектеулі 4-«А» сынып оқушысы Жалалиддинова Гулхумарға сыйлық табыстады.



9-11 емтихан тапсыратын оқушыларға емтихан алдында кеңестер беріліп, тренингтер өткізілді.



Жүргізілген барлық жұмыстарға қорытынды хаттама, анықтамалар жазылды.

Дайындаған: У. Алимова